

Темір жол көлігінде тасымалдаушылық және басқа да қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғаларға тексерулер жүргізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі Көліктік бақылау комитеті төрағасының 2001 жылғы 29 мамырдағы N 42-п бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 25 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1587. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитеті Төрағасының 2006 жылғы 19 сәуірдегі N 28-ө бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитеті Төрағасының 2006 жылғы 19 сәуірдегі N 28-ө (2006 жылғы 11 тамыздағы N 147(953) "Заң газеті" газетінде жарияланған) бұйрығымен .

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануына
б а й л а н ы с т ы **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Мынадай нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын:

1) "Темір жол көлігінде тасымалдау және басқа да қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғаларға тексеру жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті төрағасының 2001 жылғы 29 мамырдағы N 42-ө бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 1587-нөмірмен тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқару және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған, 2001 жыл, N 31, 493 - құ ж а т) . . .

3. Осы бұйрық оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Т ө р а ғ а

Шаруашылық субъектілері темір жол қызметінде жүзеге асыратын қызметіне мемлекеттік бақылаудың және қадағалаудың бірыңғай саясатын қамтамасыз ету мақсатында және "Қазақстан Республикасының, Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 8 қыркүйектегі N 1334 қаулысын орындау мақсатында **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н** :

1. Қоса беріліп отырған темір жол көлігінде тасымалдаушылық және басқа да қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғаларға тексерулер жүргізу ережелері бекітілсін.

2. Темір жол көлігіндегі бақылау басқармасы (Қ.С.Мұстафин) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуге ұсынсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Көліктік бақылау комитеті төрағасының орынбасары Қ.Б.Есжановқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникациялар министрі
Көліктік бақылау комитеті төрағасының
2001 жылғы 29 мамырдағы
№ 42-П бұйрығымен бекітілген

Темір жол көлігінде тасымалдаушылық және басқа да қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғаларға тексерулер жүргізу ережелері

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Темір жол көлігінде тасымалдаушылық және басқа да қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғаларға тексерулер жүргізудің осы ережелері (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық кесімдеріне сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының Темір жол көлігіндегі қызметті реттейтін заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық кесімдердің, стандарттар мен нормалардың қамтамасыз етілуі үшін тексерулерді жүзеге асырудың тәртібін белгілейді.

Тексерулерді Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің және оның аумақтық органдарының (бұдан әрі - Комитет) қызметкерлері дербес те, осыған құзыретті басқа да мемлекеттік құзырет органдарымен бірлесіп те жүзеге асырады.

2. Осы Ереже Қазақстан Республикасының темір жол көлігінде тасымалдаушылық және басқа да қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының заңды және жеке тұлғаларына, сондай-ақ шетелдің заңды және жеке тұлғаларына және азаматтығы жоқ тұлғаларға тексеру жүргізуге таратылады.

3. Тексеру жүргізу кезінде Комитет қызметкерлері Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын,

Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің кесімдерін және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің бұйрықтары мен жарлықтарын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

2-тарау. Негізгі мақсаттары мен міндеттері

4. Темір жол көліктерімен тасымалдау және басқа да қызметтерді жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғаларға тексеру жүргізудің мақсаты:

1) Темір жол көлігімен Қазақстан Республикасының күшіндегі заңнамаларын, стандарттар мен нормалардың орындалуын бақылау және қадағалау;

2) темір жол көлігімен жолаушылар мен жүктерді тасымалдаудағы қауіпсіздікті бұзушылықтарды анықтау және алдын алу болып табылады.

5. Темір жол көлігімен тасымалдауға даярлықты және жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалардың қызметіне тексеру жүргізудің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) жолаушыларды және жүктерді тасымалдаудағы қауіпсіздікті, поездардың қозғалысын ұйымдастыруды, маневрлік жұмыстардың жасалуын, жылжымалы құрамнан/ға тиеу-түсіру жұмыстарын, тасымалдаудың, оның ішінде қауіпті, ауыр салмақты, габаритті емес жүктерді тасымалдаудың технологиясын сақтауды регламенттейтін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамалары мен нормативтік құқықтық кесімдерінің сақталуына бақылау;

2) Қазақстан Республикасының темір жол көлігінде пайдаланылатын бас және маневрлік локомотивтерді, жолаушылар, жүк және пошта-жүк вагондарын және басқа машиналар мен механизмдерді пайдалану ережелерінің сақталуын қ а д а ғ а л а у ;

3) жолдардың жоғарғы құрылымының және оның элементтерінің, жасанды құрылғылардың, түйіспе торап дабыл беру, орталықтандыру блоктау және байланыс желілері мен құрылғыларының құрамдарындағы бұзушылықтарды а н ы қ т а у , а л д ы н а л у ж әне ж о ю ;

4) Қазақстан Республикасының прокуратура, құқық қорғау және жергілікті атқарушы органдарымен темір жол көлігінің қауіпсіз қызметін қамтамасыз ету мәселелері жөнінде өзара іс-қимыл.

3 тарау. Темір жол көлігінде тасымалдау және басқа да қызметтерді жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғаларды тексеруді ұйымдастырудың және жүргізудің тәртібі

6. Темір жол көлігінде тасымалдау және басқа да қызметтерді, соның ішінде қолданылып жүрген жолаушыларды және жүктерді темір жолмен және/немесе өзіндік технологиялық процестерді қолданумен тасымалдау технологиясына сәйкес, жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғаларды тексеру жүргізу Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес тексеру туралы акті Қазақстан Республика Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есептер

жөніндегі комитетте тіркелгеннен соң.

Ескерту: 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитеті төрағасының 2003 жылғы 2 желтоқсандағы N 101-ө бұйрығымен.

7. Тексерулерді Комитет қызметкерлері:

- 1) жыл сайын бекітілетін ішкі ведомстволық жоспардың;
- 2) азаматтардың, ұйымдардың, жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың өтініштерінің;
- 3) орталық мемлекеттік органдардың, құқық қорғау органдары өкілдерінің тапсырмалары, сондай-ақ шаруашылық субъектілері лицензиялық және көлік заңнамаларын бірнеше рет бұзылған жағдай бойынша жүргізіледі.

8. Темір жол көлігінде тасымалдау және басқа да қызметті жүзеге асырушы заңды және жеке тұлғаларды тексерудің тағайындалғаны туралы кесімді тіркеу Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

9. Темір жол көлігінде тасымалдау және басқа қызметті Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ жолаушыларды, жүктерді және қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі, темір жол жылжымалы құрамын жасап шығару және жөндеу; қауіпті жүктерді тасымалдау үшін арнайы контейнерлерді жасап шығару және жөндеу жөніндегі лицензиялық шарттарды жөндеу және регламенттейтін бұзушылық анықталған кезде Комитет қызметкерлерінің:

- 1) Қазақстан Республикасының көлік және лицензиялық заңнамасын бұзуға ықпал етуші себептер мен жағдаяттарды анықтауға;
- 2) анықталған Қазақстан Республикасының көлік және лицензиялық заңнамасын бұзушылықтарды жоюға өз құзыретінің шектерінде шара қолдануға;
- 3) өз құзыретінің анықталған бұзушылықтарды жоюға ұйғарым беруге;
- 4) өз құзыретінің шектерінде темір жол көліктерінің және техникалық жабдықтарын пайдалануда қоршаған ортаны қорғауда қозғалыс қауіпсіздігінің белгіленген талаптарына сай келмегенде тыйым салуға;
- 5) өз құзыретінің шектерінде және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жолаушыларды, жүктерді және қауіпті жүктерді тасымалдау, темір жол жылжымалы құрамын жасап шығару және жөндеу; қауіпті жүктерді тасымалдау үшін арнайы контейнерлерді жасап шығару және жөндеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға берілген заңды және жеке тұлғалар жасап шығаруға арналған лицензиялардың күшін тоқтата тұруға;
- 6) өз құзыретінің шектерінде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза салуға;
- 7) заңды және жеке тұлғалардан Комитеттің құзыретіне жататын қажетті

мәліметтер сұратуға және алуға құқығы бар.

Ескерту: 9-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитеті төрағасының 2005 жылғы 9 қыркүйектегі N 66-ө бұйрығымен .

10. Темір жол көлігінде тасымалдаушылық және басқа да қызметті жүзеге асырушы заңды және жеке тұлғалардың:

1) Комитеттің тексерісті жүзеге асырушы қызметкерлерінен олардың жеке басын және өкілеттілігін растайтын тиісті құжаттарды (қызмет куәлігін, тексеріс жүргізуге арналған тапсырысты) талап етуге;

2) жүргізілген тексерістің қорытындыларымен танысуға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де құқықтарға арналған құқығы бар.

11. Қазақстан Республика лицензия заңына сәйкестікте, темір жол көлігінде тасымалдау және басқада қызметін заңды және жеке тұлғалар, тексеру жүргізетін Комитет жұмыскерлерінің талабы бойынша, лицензиясын көрсетуге міндетті.

12. Тексеру мынадай келесі кезеңдерден тұрады:

1) заңды және жеке тұлғалардың олар жүзеге асыратын тасымалдаушылық және басқа да қызметті орындаудың қауіпсіздік жағдайын және қамтамасыз ету деңгейін алдын-ала зерделеу;

2) тексеріс жүргізу;

3) тексеру жүргізу кезінде алынған нәтижелерді талдау және қорытындылау, тұжырымдарды қалыптастыру, тиісті құжаттарды ресімдеу;

4) жұмыстың қорытындысын шығару;

5) заңды және жеке тұлғаларды тексерістің нәтижесі туралы хабардар ету.

13. Тексеріс жүргізу мерзімі алдағы жұмыстың көлемін, қойылған міндеттерді ескерумен белгіленеді, бірақ 40 күннен аспауы тиіс. Тексеріс кесіміне қол қойылған күн тексеріс біткен күн болып есептеледі.

Шағын кәсіпкерлік объектілеріне тексеру жүргізу кезінде тексеру актісінде көрсетілген тексеру жүргізудің мерзімі 30 күнтізбелік күннен аспауы тиіс.

Ескерту: 13-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитеті төрағасының 2003 жылғы 2 желтоқсандағы N 101-ө бұйрығымен .

14. Негізделген себеп болған кезде тексерістерді өткізу мерзімдері Комитет басшысының тиісті бұйрығымен ұзартылуы мүмкін. Ол үшін тексеруші Комитет немесе оның аумақтық органы басшысының атына тексеріс мерзімін ұзарту үшін объективті себептерді көрсетумен қызметтік жазба жазуы тиіс. Ұзарту туралы белгі сол тапсырмада .

Тексерушілер заңды және жеке тұлғаларды тексеру мерзімінің ұзартылғаны туралы хабардар етуге міндетті.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін тексеруді жүзеге асыру кезінде бақылаушы орган тексеруді ұзарту туралы қосымша акт ресімдейді және Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есеп жөніндегі комитетінде немесе оның аумақтық органдарында міндетті түрде тіркеледі, онда тексеруді белгілеу туралы алғашқы актіні тіркеу нөмірі мен күні және ұзарту себебі көрсетіледі.

Ескерту: 14-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитеті төрағасының 2003 жылғы 2 желтоқсандағы N 101-ө бұйрығымен .

15. Тексеру жүргізу кезінде мынадай мәселелер ескеріледі:

1) заңды және жеке тұлғалардың жолаушыларды, жүкті және багажды тасымалдау, поездардың қозғалысын ұйымдастыру, маневрлік жұмыстарын өндіру, жылжымалы құрамнан/ға тиеу-түсіру жұмыстарын өндіру қауіпсіздігін қамтамасыз етуін ұйымдастыруы, жүктерді тасымалдаудың технологиясын с а қ т а у ы ;

2) заңды және жеке тұлғалардың темір жол тарту және жылжыма құрамды, жолдардың жоғарғы құрылым мен оның элементтерін, жасанды құрылғыларды, түйіспе тораптың желілері мен құрылғыларын, дабыл беруді, орталықтандыруды, блоктауды және байланысты қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етуі;

3) поездарды өткізу тәртібін және жылжымалы құраммен, оның ішінде қауіпті, ауыр салмақты, габаритті емес жүктермен айналысатындармен маневрлік жұмыстарын ұйымдастыруды регламенттейтін станциялар мен бөлу бекеттерінің техникалық-нұсқаушылық кесімдерінің бар-жоқтығы және жай-күйі;

4) заңды және жеке тұлғалардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі, соның ішінде пайдаланылатын машиналар мен механизмдерді Қазақстан Республикасының заңнамаларының, Қазақстан Республикасының темір жол жолдарының нормативтік құжаттарының пайдалану технологиясына сәйкес тәртібіне келтіру жөніндегі жұмыстарды орындауы;

5) жолдардың жоғарғы құрылымын және оның элементтерін, жасанды құрылғыларды, түйіспе торап, дабыл беру, орталықтандыру, блоктаудағы және байланыс желілері мен құрылғыларын ұстаудағы бұрын анықталған бұзушылықтарды және кемшіліктерді жоюдың сапасы мен мерзімдері;

6) қозғалыстың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралардың болуы, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген іс-шаралардың орындалуының қ ұ ж а т т а м а л ы қ р а с т а л у ы ;

7) поездардың қозғалысы мен маневрлік жұмысты жүргізудің қауіпсіздігін есепке алудың, санаттаудың және байыптау жасаудың белгіленген тәртібінің сақталуы.

16. Тексеру жүргізу тапсырмасы (1-қосымша) Комитет немесе оның аумақтық органдарының бұйрық негізіне сәйкес тексеру жүргізуге беріледі:

1) бірінші данасы Комитетте болады, ал екіншісі тексеруге жататын заңды немесе жеке тұлғаға табыс етілетін екі түпнұсқалық данада;

2) бір жеке немесе заңды тұлғаға тексеру жүргізуге арнап Комитет немесе оның аумақтық органы ресімдейді және береді.

17. Тексеріс жүргізуге арналған тапсырмада тексеруге жіберілген Комитет қызметкерінің аты-жөні мен лауазымы, тексеруге жататын мәселелердің тізбесі және оны жүргізу мерзімі көрсетіледі.

Комитет немесе оның аумақтық органы басшысының мөрімен және қолымен расталмаған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген талаптарды бұзумен берілген тексеріс жүргізуге арналған тапсырма жарамсыз болады.

Тексеріс жүргізуге арналған тапсырманың бланкісі белгіленген үлгідегі бланкі болады.

Ескерту: 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитеті төрағасының 2005 жылғы 9 қыркүйектегі N 66-ө бұйрығымен.

18. Тексеріс кесімін (2-қосымша), қажет кезінде оның қосымшаларымен, Комитет немесе оның аумақтық органының қызметкері нақты жүргізілген тексеріс негізінде екі түпнұсқалық данада жасалады біріншісі тексеруге жататын заңды немесе жеке тұлғаға тапсырылады, ал екіншісі Комитетте қалады.

Тексеріс кесімі Комитеттің немесе оның аумақтық органының арнайы журналында тіркеледі және тексеріс аяқталғаннан кейін Комитет немесе оның аумақтық органының басшысына ұсынылады.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне тексеру жүргізу актісі "Мемлекеттік органдардың шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне тексерулер жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 маусымдағы N 572 қаулысында бекітілген нысан бойынша толығымен.

Ескерту: 18-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитеті төрағасының 2003 жылғы 2 желтоқсандағы N 101-ө бұйрығымен.

19. Комитеттің тексеруді жүзеге асырушы қызметкерлері Тексеріс кесімін ресімдеу кезінде мынадай талаптарды сақтауға міндетті:

1) бұзушылық фактісін анықтауды тиісті заңнамалық және нормативтік құқықтық кесімдерге сілтеме жасай отырып рет-ретімен, объективті, анық және егжей-тегжейлі (күні, нөмірі және толық атауы) жазу;

2) Тексеріс кесімі мәтінінде анықтамалық деректер және болмашы фактілер,

сондай-ақ кесімге қосымшада жазылуы тиіс бір тектес бұзушылықтарды санамалау (қайталау) фактілері болмауы тиіс;

3) Кесімге тиісті құжаттармен нақтыланған түрлі қорытындыларды, ұсыныстарды және деректерді қосуға жол берілмейді;

4) Тексеріс кесіміне барлық тексерушілер қол қояды;

5) Тексеріс кесімінің мазмұнымен заңды және жеке тұлғаларды таныстыру қажет ол туралы "ТАНЫСТЫРЫЛДЫ" деген сөздің астында тиісті жазу болуы тиіс ;

6) Кесім бойынша заңды және жеке тұлға тарапынан келіспеушіліктер немесе ескертулер болған кезде, кесімге қол қоятын тұлға өзінің қолының алдында бұл туралы жазбаша түсіндірме жазып қалдырады;

7) заңды және жеке тұлға тарапынан Кесіммен танысудан бас тарту жағдайында Комитет қызметкерлері тиісті жазу жазып қалдырады.

20. Анықталған фактілер бойынша бұзушылықтарды жою немесе кінәлі тұлғаларды жауапқа тарту жөнінде шұғыл шаралар қолдану қажет болған жағдайларда тексеру барысында жеке (аралық) кесім жасалады және кінәлі лауазымды тұлғалар қажетті түсіндірулер береді.

Аралық кесімде баяндалған фактілер тексерудің жалпы кесіміне қосылады.

21. Тексеріс кесімімен бұрын берілген лицензия иесінің (жолаушыларды, жүктерді және қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі сондай-ақ, темір жол жылжымалы құрамын жасап шығару және жөндеу; қауіпті жүктерді тасымалдау үшін арнайы контейнерлерді жасап шығару және жөндеу қызметін жүзеге асыру құқығына арналған) бұзушылықтары анықталған кезде Комитеттің тексеруге қатысушы лауазымдық тұлғасы Кесімді тіркеген күннен бастап мына шешімдердің бірін үш күн мерзім ішінде қабылдауы тиіс:

1) лицензияның иесіне лицензияда көзделген шарттарды бұзушылықты жою мерзімдерін белгілеумен ұйғарым беру;

2) Комитеттің немесе оның аумақтық органының басшысын тексеру кезінде анықталған лицензиялық шарттарды бұзушылықтар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасындағы белгіленген мерзімге лицензияны тоқтата тұру туралы ұсыныс енгізумен хабардар ету.

Ескерту: 21-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитеті төрағасының 2005 жылғы 9 қыркүйектегі N 66-ө бұйрығымен .

22. Темір жол көлігінде заңды немесе жеке тұлғалар жүзеге асыратын тасымалдаушылық және басқа да қызметті тексеру нәтижесі бойынша бұзушылықтарды жою туралы нұсқама (3-Қосымша) Комитетте немесе оның аумақтық органдарында лауазымдық тұлғаларымен екі данада жасалады.

Первый экземпляр Предписания об устранении нарушений, в течение трех

дней с момента окончания проверки, выдается юридическому или физическому лицу, а второй остается в Комитете или его территориальных органах.

РҚАО-ның ескертуі: 22-тармақтың 2-абзацының мемлекеттік тілдегі аудармасы болмағандықтан мәтін орыс тілінде беріліп отыр.

Ескерту: 22-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитеті төрағасының 2005 жылғы 9 қыркүйектегі N 66-ө бұйрығымен .

23. Заңды немесе жеке тұлғалар Комитеттің немесе оның аумақтық органдарының ұйғарымда көрсетілген бұзушылықтарды жойғандығы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасындағы белгіленген мерзімде жазбаша хабарлауға міндетті.

24. Темір жол көлігінде тасымалдаушылық және басқа да қызметті жүзеге асыратын заңды немесе жеке тұлғаларды тексеруде анықталған бұзушылықты жою туралы белгіленген мерзімде жазбаша хабарлама берілмеген жағдайда Комитеттің немесе оның аумақтық органының лауазымдық тұлғасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы х а т т а м а ж а с а й д ы .

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама қажетті құжаттарды (түсіндірме , тексеру кесімі, ұйғарым т.б.) қоса берумен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттендірілген органға әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға жібереді.

25. Комитет қызметкерлері және оның аумақтық органдары тексеріс жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүктелген міндеттемесін жартылай сапасыз және орындағаны, Комитетке немесе оның аумақтық органдары басшылығына берілген деректермен құжаттардың дұрыс еместігі үшін, сондай-ақ тексеру нәтижесінде алынған құжаттардың тиісінше сақталмауы, қызметтік және өзге де құпияларды жария еткені үшін ж а у а п к е р ш і л і к т е б о л а д ы .

Ескерту: 25-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитеті төрағасының 2005 жылғы 9 қыркүйектегі N 66-ө бұйрығымен .

26. Комитет қызметкерлері және оның аумақтық органдары тексеруді жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы N 1567 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексін (Мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы ережелері) қатаң сақтаулары тиіс.

Ескерту: 26-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитеті төрағасының 2005 жылғы 9 қыркүйектегі N 66-ө бұйрығымен .

1 - қ о с ы м ш а
Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникациялар министрі
Көліктік бақылау комитеті төрағасының
Темір жол көлігінде тасымалдаушылық
және басқа да қызметті жүзеге
асыратын заңды және жеке тұлғаларға
тексерулер жүргізу ережесіне

2001 жылғы 29 мамырдағы N 42-П бұйрығы

Тексеріс жүргізуге арналған тапсырма

N ____ 200 жылғы " ____ " _____

(мемлекеттік органның атауы)

(темір жол көлігіндегі шаруашылық жүргізуші субъектінің атауы)

тексеріс жүргізу үшін Комитет қызметкерлері _____

(тексеруге жіберілген мемлекеттік орган қызметкерлерінің аты-жөні,

қ ы з м е т т і к к у ә л і г і н і ң N)

Тексеріс жүргізуге арналған мемлекеттік органның қызметкері(лері)
қызметтік куәлік көрсеткен кезде тапсырма күшінде болады.
Тексеріс жүргізуге арналған тапсырма 200__ж."__"_____ дейін
күшінде.

_____/_____
(ҚР ККМ-нің Көліктік бақылау комитеті бірінші
басшысының қолы және аты-жөні)

Ескерту: Екі түпнұсқалық данада жасалады

2 - қ о с ы м ш а
Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникациялар министрі
Көліктік бақылау комитеті төрағасының
Темір жол көлігінде тасымалдаушылық
және басқа да қызметті жүзеге
асыратын заңды және жеке тұлғаларға

тексерулер жүргізу ережесіне
2001 жылғы 29 мамырдағы N 42-П бұйрығы
Тексеру кесімі

N___ 200 жылғы "___" _____

_____ (кәсіпорынның, ұйымның толық атауы)

_____ (кәсіпорын, ұйым басшысының т.а.ә.)
200 жылғы "___" _____ N___ осы кесім тексеріс жүргізуге арналған
тапсырманың негізінде жасалды
Тексеріс барысында мыналар анықталды:

" Т А Н Ы С Т Ы Р Ы Л Д Ы "

_____/_____
(тексерушінің қолы) (басшының аты-жөні)

Ескерту: Екі түпнұсқалық данада жасалды

3 - қ о с ы м ш а
Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникациялар министрі
Көліктік бақылау комитеті төрағасының
Темір жол көлігінде тасымалдаушылық
және басқа да қызметті жүзеге
асыратын заңды және жеке тұлғаларға
тексерулер жүргізу ережесіне

2001 жылғы 29 мамырдағы N 42-П бұйрығы

Бұзушылықтарды жою туралы ұйғарым

N___ 200 жылғы "___" _____

осы ұйғарым _____ берілді
(к і м б е р г е н)

200 жылғы "___" _____ N___

_____ берген
(мемлекеттік органның атауы)
тексеріс жүргізуге арналған тапсырмаға сәйкес
200 жылғы "___" _____ N___ жүргізілген тексерістің негізінде
берілді

оның нәтижесінде мынадай бұзушылықтар анықталды:

Бұзушылықтар _____ анықталған бұзушылықтарды _____ жою мерзімі
_____ жою жөніндегі шаралар

Анықталған бұзушылықтарды көрсетілген мерзімде жоймаған жағдайда
Сізге Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес шара қолданылатын
болады.

Бердім _____ Алдым _____
200 жылғы "___" _____ / _____
(тапсырылған күні) (лауазымы)

(тексерушінің қолы) _____ / _____
(қолы) (аты-жөні)

Ескерту: екі түпнұсқалық данада жасалады